

2

Жазасын
өтеушілерге жұмыс
көзі бар



4

«Қайрат»-«Реал Мадрид»
бүгін Алматыда
футбол аламаны



Сыр бойы

№148 (21024) 30 қыркүйек, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ КҮШЕЙТУДІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Ақордада Астанаға ресми сапармен келген Италия Президенті Серджо Маттарелланы салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекеттер басшылары бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт беріп, екі елдің мемлекеттік әнұрандары орындалды.

Бұдан кейін президенттер келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Серджо Маттарелланың Қазақстанға сапары екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға тың серпін беретінін атап өтті. Президенттің айтуынша, бұл сапар Қазақстан мен Италия арасындағы достық пен бұрыннан келе жатқан серіктестікті растайды.

Президент мырза, Сізді мәртебелі мейман ретінде қарсы алғанымға қуаныштымын. Қазақстанға жасаған алғашқы сапарыңыз ынтымақтастығымыздың жаңа парағын ашатыны сөзсіз. Қазақстан мен Италия арасында тығыз ықпалдастық орнаған. Сіздің еліңізге құрметіміз ерекше. Өзара сауда дәйекті түрде дамуда. Біздің экономикалық байланыстарымыздың негізі берік. Түрлі саладағы қарым-қатынасымыз жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Мемлекет басшысы ретінде екіжақты ықпалдастықты нығайтуға үлес қосуға әзірмін, — деді Қазақстан Президенті.

Серджо Маттарелла Қасым-Жомарт Тоқаевқа қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтып, өзара қарым-қатынасты одан әрі арттырудың маңызына тоқталды.

— Сіздің былтыр қантар айында Римге жасаған сапарыңыздан кейін Астанада кездескеніме қуаныштымын. Өзіңіз атап өткендей, елдеріміз арасындағы қарым-қатынас ұдайы нығайып, тығыз әрі табысты сипат алды. Екі елдің сауда-экономикалық, мәдени салалардағы ынтымақтастығы жылдан жылға ілгерілеуде. Университеттер арасында серіктестік жолға қойылғанын көріп отырмыз. Достық көңіліңізге алғыс айтамын, — деді Италия Президенті.

Тараптар екіжақты қарым-қатынастың негізгі бағыттары, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер туралы пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев орайлы сәтті пайдаланып, Италия Премьер-министрі Джорджа Мелониге сәлемі мен ықыласын жолдады.

Келіссөз екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

2-бет

/// ЕҢБЕК КҮНІ

«АДАЛ ЕҢБЕК — АДАЛ АЗАМАТ»



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Өнер орталығында» «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Еңбек күніне арналған «Адал еңбек — адал азамат» атты салтанатты шара өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Н.Байқадамов пен М.Өбенов, жауапты сала басшылары, қала, аудан әкімдері, еңбек ардагерлері, зиялы қауым, шаруашылық өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы қажыр-қайратын еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына жұмсаған нағыз еңбек адамдары барлық құрметке лайық екенін атап өтті.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда

еңбеккеш және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деді.

Бұл — экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік прогрестің басты факторы ретінде жұмысшы кәсіптерінің рөлін күшейтудегі стратегиялық кадам.

Ұлтымыздың ұлы мұраты жолында, еңбек майданында ата-бабаларымыз тер төкті. Олардың арасынан 1792 Социалистік Еңбек Ері шықса, 102-сі — Сыр өңірінің еңбеккерлері.

Өз мектебін құрып, шәкірт тәрбиелеген, Сыр күрішінің даңқын асқартқан дала академигі, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған Ыбырай Жақаевтың, Сәлима Жұмабекованың орны ерекше. Осындай ұлы ұстаздың тәлімін алған, бала тәрбиелеп, ұлт-жандылықпен қызмет атқарған Шырыңқұл Қазанбаева, Ұлбала Алтайбаева бастаған Сырдың батыр аналарының қажырлы еңбегі ұрпақ жадында мәңгі сақталады.

2-бет

АУЫС-ТҮЙІС

Кеше Мемлекет басшысының Жарлығымен Жаслан Хасенұлы Мәдиев Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі лауазымына тағайындалды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының Жарлығымен Ғани Бектайұлы Бейсембаев Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі лауазымынан босатылып, оның орнына Жұлдыз Досбергекқызы Сүлейменова тағайындалды.



Еңбек күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсы жеңімпаздарына 19 арнайы коммуналдық техника және қаржылай сыйақы табысталды.

19 КОММУНАЛДЫҚ ТЕХНИКА ТАБЫСТАЛДЫ



— Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпұлттық экологиялық бағдарламасы өңірде қарқынды жүзеге асуда. Қала мен аудан орталықтарында, ауылдарда парктер, скверлер мен аллеялар, көпқабатты тұрғын үйлердің ауалары абаттандырылуда. Ауа райының

қолайсыздығына қарамастан, тынымсыз еңбек еткен жерлестеріміздің арқасында өңір таза әрі көркем аймаққа айналып келеді.

«Ауыл — ел бесігі» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Ауылды дамыту — мемлекеттік саясаттың аса маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі.

2-бет

/// ӨҢІР ӨНІМІ

ЖЫЛЫНА 90 МИЛЛИОН ДАНА КІРПІШ ЗАМАНАУИ ЗАУЫТТЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Жақында Қызылордада «Қызылорда Саз-М» ЖШС-ның заманауи кірпіш зауыты іске қосылған болатын. Былтыр құрылысы басталған зауыт қысқа мерзімде алғашқы өнімін шығарды. Бұл жобаға 5 млрд теңге инвестиция тартылып, 7 гектар жер телімі берілді. Зауыттың басты ерекшелігі — өндіріс процесі толық автоматтандырылған және экологиялық таза өнім көмірсіз күйдіріледі. Жылдық қуаттылығы — 90 миллион кірпіш. Қазір 70 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.



3-бет



КҮРІШШІ

Шыныбай Өтепбергенов Қазалы ауданы Ғ.Мұратбаев ауылының тумасы. Ата-анасы кезіндегі қолхоз тірлігі үшін тер төккен бірі малшы, бірі сауыншы болған қарапайым еңбек адамдары еді. Адал еңбекті ардақ тұтқан ата-анасының салған соқпағы Шыныбайды да ауылдан алыстатпады. 1994 жылдан бері күрмеуі қиын күріш дақылдың қыр-сырын меңгеріп келеді.

— 2004 жылдан бері «Рза-Агро» ЖШС-да күрішші болып еңбек етіп келемін, — дейді Шыныбай. — Биыл 66 гектар күріш егіп, қазір жиын-терім қызу жүріп жатыр. Күріш ору науқаны өте жауапты жұмыс.

2-бет

Валюта бағамы: \$ 544,26 kzt € 634,72 kzt ₸ 6,52 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +17° 🌙 +7° | Сәрсенбі ☀️ +13° 🌙 +4°

ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ КҮШЕЙТУДІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Италия арасындағы көпжоспарлы ынтымақтастық берік саяси диалогқа, қарқынды экономикалық серіктестікке және тығыз мәдени-гуманитарлық байланыстарға арқа сүйейтінін атап өтті. Серджо Маттарелланың Астана мен Рим арасындағы серіктестікті нығайтуға айтарлықтай үлес қосқанына назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр Римге жасаған ресми сапары барысында Қазақстан – Италия ынтымақтастығына тың серіпін берген маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілгеніне тоқталды.

– Италия Қазақстанның үш ірі сауда серік-тестерінің бірі болып қала береді. Экономикалық ықпалдастығымыз өте қарқынды дамып келеді және оны одан әрі арттырудың әлеуеті зор. Сіздің еліңіздің экспортты ұлғайту жөніндегі жоспарын құптаймыз. Италияның соңғы жиырма жылда экономикамызға құй-ған инвестициясы 7,6 миллиард долларға жетті. Бүгінде қазақ жерінде 250 италиялық компания табысты жұмыс істеп жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ынтымақтастықты тереңдетудің перспективті бағыттарын айқындады. Оның ішінде аса маңызды шикізат материалдары, мұнай химиясы, машина жасау, көлік-логистика, жеңіл өнеркәсіп, тағам өнімдерін қайта өңдеу, жасанды интеллект, қаржы, туризм және білім беру салаларына баса мән берілді.

Тараптар екі ел БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдар аясында белсенді ықпалдастық орнатқанын атап өтті. Жемісті жұмыстардың үлгісі ретінде «Орталық Азия плос» диалог алаңын, сондай-ақ биыл мамыр айында Астанада өткен «Орталық Азия – Италия» бірінші саммитін айтуға болады. Қазақстан тарапы Италияның аталған бастаманы іске асыруға қолдау көрсеткенін маңызды бағалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Италия Премьер-министрі Джорджа Мелонимен өткен достық кездесуді, сондай-ақ оның Астана халықаралық форумында басты спикер ретінде баяндама жасағанын ықыласпен еске алды.

Кездесуде тараптар мәдени-гуманитарлық ықпал-дастық мәселелеріне де ерекше көңіл бөлді. Осы орайда Қазақстан Президенті Астананың орталық көшелерінің бірін саяхатшы Марко Поло есімімен атау жөнінде шешім қабылданғанына тоқталып, мұны қос мемлекеттің берік достығының символы ретінде қарастыратынын мәлімдеді.

Италия Президенті серіктестікті одан әрі нығайтудың маңызын атап өтіп, екі ел арасындағы сенімді диалог пен өзара түсіністікті нығайтуға қосқан үлесі үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын жеткізді.

– Біз үшін бұл сапардың мәні зор. Сіздің былтыр Римге жасаған сапарыңыз өзара қарым-қатынастың маңызды кезеңі ретінде ынтымақтастығымыздың одан әрі нығаюына берік негіз қалады. Бұл қадамдар серіктестігімізге барлық бағытта ерекше сипат береді. Мәдениет саласындағы ықпалдастығымыз белсенді дамып келеді. Италия Орта Азиядағы алғашқы мәдениет орталығын Астанада ашқан болатын. Елорданың бір көшесін Марко Полоның құрметіне атау туралы ұсынысыңыз қос мемлекеттің байланысын одан әрі тереңдетуге бейіл екеніңізді көрсетеді. Бұл қолдауыңыз үшін Сізге шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Серджо Маттарелла.

Келіссөз соңында тараптар Президент Серджо Маттарелланың ресми сапары Қазақстан – Италия қарым-қатынасы тарихының жаңа парағын ашатынына сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан және Италия арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқаны үшін Президент Серджо Маттареллаға I дәрежелі «Достық» орденін салтанатты түрде табыстады. Сондай-ақ бұл қазақ елінің шынайы құрметі, барша Италия халқына деген достық пейілі мен ыстық ықыласының айғағы екенін жеткізді. Мемлекет басшысы Италия Президентіне халықтың қолдауына ие болған көшбасшы, әлемге танымал беделді саясаткер деп баға берді.

– Сіз еліңіздің өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңіріп келесіз. Бүгінде Италия барлық салада толайым табысқа жетті. Әлемдік көшбасшылар қатарына кіретін мемлекеттің бірі. Еліңізде экономика, инновациялық технология саласында тың жобалар жүзеге асырылып жатыр. Экология, «жасыл» энергетика бағытында озық бастамаларыңыз бар. Италияның терең тарихы, бірегей мәдени мұрасы – бүкіл адамзаттың құнды қазынасы. Сіздер аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтау ісінде маңызды рөл атқарып жатсыздар. Халықаралық мәселелерді шешуге белсене атсалысып келесіздер. Бұл – Сіздің саликалы саясатыңыздың жемісі. Өзіңіздің басшылығыңызбен Италия алдағы уақытта да биік белестерді бағындыра береді деп сенемін, – деді Президент.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Серджо Маттарелланың екі ел қарым-қатынасын дамытуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқанына назар аударды.

– Саяси диалогымыз жоғары деңгейде жүріп жатыр. Сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыс қарқынды дамып келеді. Көпжақты құрылымдар аясында тығыз ықпалдастық орнаттық. Мен Сіздің бұл бағыттағы еңбегіңізді ерекше бағалаймын. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында қос халықтың достығы нығая береді. Бүгінгі келіссөздер мен уағдаластықтар стратегиялық серіктестігімізді күшейте түседі деп ойлаймын. Біз осы жолда бірлесіп әрекет етуге дайынбыз, – деді Президент.

Өз кезегінде Серджо Маттарелла Қасым-Жомарт Тоқаевқа Италияның ең жоғарғы наградасы – «Италия Республикасына сіңірген еңбегі үшін» орденін тапсырды.

– Еліміздің бұл жоғары наградасы Италиямен достық қатынасты нығайтуға үлес қосқан мемлекеттер басшыларына ғана беріледі. Сіздің әлемдік тәртіпті қамтамасыз етуге және бейбітшілікті қолдауға бағытталған қызметіңізді жоғары бағалаймыз. Сондай-ақ Италия мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ұдайы атсалысып келе жатқаныңыз үшін ризашылық білдіреміз. Сізге табысталаып отырған бұл марапат біздің Республикамызға сіңірген еңбегіңіздің бағасы, – деді Италия Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Серджо Маттарелланың қолынан Италияның жоғары мемлекеттік наградасын алу зор мәртебе екенін жеткізіп, алғыс айтты.

Келіссөздер аяқталғаннан кейін Қазақстан мен Италия Президенттері БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізді.

1-бет



Сергей Түсірген Бағдат Есмаханов

АЛМАСБЕК ЕСМАХАНОВ – ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ

Мейрамбек Зинабдинұлы Қазалы ауданында 2 жылға жуық қызмет жасап, ауданның дамуына сүбелі үлес қосты.

Сайлау жүйесін демократияландыру – Президент реформаларының негізгі міндеттерінің бірі.

Өңірімізде аудан әкімдерін сайлау 2023 жылы пилоттық негізде өткізіліп, Шиелі мен Сырдария аудандарының әкімдері сайланды.

Күні кеше өткен саяси науқанда Қазалы ауданының тұрғындары жоғары белсенділік танытты. Бекем бірлік пен тату тірліктің үлгісін көрсетіп, ауданның жарқын болашағы үшін өз таңдауларын жасады.

Алмасбек Әбілқасымұлы – басшылық қызметте ұйымдас-тырушылық қабілеті мен тәжірибесі мол, өз жұмысын жоғары кәсіби деңгейде атқаратын әлеуеті жоғары кадр.

Президент пен Үкіметтің алдымызға қойған міндеттері мен тапсырмаларын сапалы орындап, өздеріңізбен бірге Қазалы ауданын одан әрі дамытуға, көркейтуге аянбай жұмыс жасайды деп сенеміз. Жаңадан сайланған аудан әкіміне Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының реформалары мен бастамаларын жүзеге асыру бойынша нақты әрі жүйелі жұмыстар жүргізуді тапсырамын.

Аудан халқы үгіт-насихат кезеңінде сіздің уәделеріңізге сеніп, қолдап дауыс берді. Сол себепті сайлауалды бағдарламаңызда көрсетілген әрбір мәселенің оңтайлы, мерзімінде шешілуін қамтамасыз етіңіз. Біз, аудан халқы әрдайым жан-жақты қолдау көрсетеміз.

Алдыңызда дамуың барлық макроэкономикалық көрсеткіші бойынша оң параметрлерге қол жеткізу міндеті тұр. Ауданға инвестиция тарту, салық базасын ұлғайту, қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, жаңа жұмыс орындарын ашу мен кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған нақты жұмыс жүргізу қажет.

Президентіміздің инвестиция тарту тапсырмасын орындау үшін инвесторлармен тиісті бағытты айқындау керек. Аудан әкімінің жұмысы инвестиция тарту индикаторының орындалуымен бағаланады. Қазіргі жағдайда бюджеттің әрбір тиыны маңызды.

Бұған дейін де басшылық лауазымдарда мол тәжірибе жинаған қызметкер ретінде аудандағы ресурстарды барынша қолданып, бюджет қаражатын толық әрі мерзімінде игеріп, жобалардың сапалы жүзеге асуын қамтамасыз етіңіз.

Құқық қорғау органдарының басшыларына аудан әкімімен бірлесіп, жұмыс жасауды қатаң тапсырамын! – деді облыс әкімі.

Есмаханов Алмасбек Әбілқасымұлы 1982 жылы дүниеге келген. Қызылорда гуманитарлық университетінде экономист, Қазтұтыну одағының Қарағанды экономикалық университетінде заңгер мамандықтары бойынша білім алған.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша магистр дәрежесін иеленген.

Әр жылдары Қарауылтөбе ауылдық округінің әкімі, Қызылорда қаласы әкімі аппаратының, қалалық бірнеше бөлімнің басшысы, облыс әкімі аппаратында бөлім басшысы, Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары, басқарма басшысы лауазымдарында нәтижелі қызмет етті. 2024 жылдың шілде айынан бастап «АМАНАТ» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы қызметін атқарып келді.

Айта кетейік, 28 қыркүйекте өткен Қазалы ауданы әкімі сайлауының қорытындысын облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсұлтанов жариялап, жаңадан сайланған аудан әкіміне куәлігін табыстады.

Актив отырысынан соң, аймақ басшысы аудан тұрғындарымен кездесіп, өңірдің әлеуметтік-экономика-лық даму бағдары, алдағы жоспарлар туралы ой бөлісті. Қазалылықтар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ұсыныстарын жеткізді.

1-бет

ЕЛ АҒАСЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Кеше сондай-ақ, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері Оразғали Бекпановты 85 жас мерейтойымен құттықтады.

– Сыр өңірі – құт-береке дарыған, бабалар дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, сабақтастығы үзілмеген қасиетті мекен. Еңбегімен елге сыйлы, өмір жолы жас ұрпаққа өнеге болған еңбек адамдарынан кенде емес. Туған жер алдындағы азаматтық парызын адал атқарған жандардың ерен еңбегі, қалтқысыз адал қызметі бізге қашанда үлгі.

Биыл ел ағасы, Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бекпанов Оразғали Достанұлы 85 жасқа толды. Ол еңбек жолын 1959 жылы вагон депосында қарапайым слесарь болып бастаған. Теміржол

училищесінде шебер, директордың орынбасары, директоры, Жаңақазалы поселкелік кеңес атқару комитетінің төрағасы, Өйтеке би кентінің әкімі лауазымдарында болды. Кент әкімі кезінде аудан орталығының әлеу-меттік-экономикалық өсіп-өркен-деуіне өз үлесін қосты.

Оразғали Достанұлы зейнетке шықса да, қоғамдық өмірге белсене араласып, Қазалы аудандық ар-дагерлер кеңесінің төрағасы қыз-метінде елді бірлікке үндеп, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие көрсетіп келеді.

Сыр жұртшылығы аймақтың дамуына үлес қосқан, елдің ыстық

ықыласына бөленген өздеріңіздей жерлестерімен мақтанады. Тілеу-лес азаматтардың атынан мерей-тойыңызбен шын жүректен тағы да құттықтаймыз! Жастарға жол көрсетіп, әрқашан игі істердің басында жүргейсіз. Мерейлі сәтте өзіңізге мықты денсаулық, жақындарыңызға амандық, отбасыңызға бек-береке тілеймін, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімі мерейтой иесіне Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстап, дәстүрге сай құрмет көрсетті. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қазалы ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Өлімбай Қасқырбай құттықтау сөз сөйлеп, ақжарма тілектерін білдірді.

ЖАЗАСЫН ӨТЕУШІЛЕРГЕ ЖҰМЫС КӨЗІ БАР

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыс прокуроры Р.Ожаровпен бірге қылмыстық атқару жүйесі департаменті №60 мекемесінің жұмысымен танысты.

Мұндағы 901 сотталушының 821-і жұмысқа жарамды.

Мекеменің өндірістік аймағында 17 жауапкершілігі шектеулі серіктестік және жеке кәсіпкерлердің қолдауымен 300-ге жуық сотталушы еңбекпен қамтылған. Негізгі жұмыс бағыттары – темір бұйымдарын өндіру, ағаш өнімдерін (астау, табақ, домбыра, сандық, есік) дайындау, газоблок, пескоблок, брусчатка, күйдірілген кірпіш шығару.

«Еңбек» РМК қаржысына «Конструктив ЛТД» ЖШС ғимарат құрылысын бастады. Арнайы контин-гентті еңбекпен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында №60 мекеме аумағындағы бос жер учаскесіне тез тұрғызылатын модульдік өнеркәсіптік ангар салу мәселесі көтерілді.

«Алуен» ЖК-не Қызылорда облысы прокуратурасы, ҚАЖ департаментінің қолдауымен, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы және респу-бликалық инновациялық орталықтың бағдар-ламасы аясында қайтарымды несие рәсімделді. Бұл қаражатқа брусчатка өндіретін қондырғы орнатылып, 15 сотталушы жұмыспен қамтылды.



«Dalatex» ЖШС-не мекеменің өндірістік аймағынан үй-жай беріліп, 20 тігін машинасы орнатылды. Онда 20 сотталушы тұрақты жұмысқа тартылды.

Сонымен қатар, облыс әкімі сотталушы азаматтардың қолдан жасаған ағаш өнімдерінің көрмесімен танысты. Бұл жерде түйеқұс, құркетауық және басқа да құстарды өсіріп, баптау қолға алынған.

19 КОММУНАЛДЫҚ ТЕХНИКА ТАБЫСТАЛДЫ

Оның ішінде ауылдағы ағайынның өмір сапасын жақсарту, қолайлы орта қалыптастыру, көр-кейту-қоғалдандыру жұмыстарын жүргізушілерді ынталандыру мақсатында 2023 жылдан бастап дәстүрлі түрде «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізілуде. Биыл 564 млн теңгеге 19 техника сатып алынды. Әр аудандағы бір ауылды абаттандыру, көркейту жұмыстарына 100 млн теңгеден астам қаржы беріледі. Ауыл-аймақтың ажарын айшықтап, келбетін көркем етуге бағытталған «Үлгілі елді мекен» конкурсы алдағы уақытта да дәстүрлі түрде жалғасады. Келер жылы конкурсты өткізуде облыстық бюджеттен 500 млн теңгеден астам қаржы бөлінеді.

Біріктің туын биік ұстап, туған жеріміздің келбетін көркейту жолында аянбай қызмет етіп жүрген еңбек адамдарын әрдайым құрметтейміз, – деді облыс әкімі.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Үлгілі елді мекен» кон-курсының «Үлгілі ауыл» номи-нациясы бойынша 1 орынды

Сырдария ауданының Нағи Илиясов ауылы, 2 орынды Арал ауданының Қызылжар ауылы, 3 орынды Қар-мақшы ауданының Ақжар ауылы жеңіп алды.

«Үлгілі аудан» номинациясы бойынша 1 орынды Шиелі кенті, 2 орынды Өйтеке би кенті, 3 орынды Жаңақорған кенті иеленді. Тірек және серіктес елді мекендер санатына кірмейтін ауылдардың абаттандыру жобаларын қаржы-ландыруға 15 млн теңгенің сер-тификаттары табысталды. Атап айтсақ, Арал ауданының Ақбай, Қазалы ауданының Бозкөл, Қар-мақшы ауданының Қуандария, Жалағаш ауданының Жаңадария, Сырдария ауданының Инқордария, Шиелі ауданының Майлытоғай және Жаңақорған ауданының Қыраш ауылдарына берілді.

Жалпы кейінгі екі жылда конкурс жеңімпаздарына 1 млрд 500 млн теңгенің күнделікті ел тұрмысына қажетті заманауи ұл-гідегі 48 арнайы техникасы табыс-талған. Бұл – өнімді жобаның жемісі.

1-бет

«СБ» ақпарат

КҮРІШШІ

Дақыл артық ылғал жинап алмай тұрғанда немесе мерзімі өтіп кетіп масақ дәні шашылатын жағдайға жеткізбей дәл мерзімін тап басып жиын-терімді бастап кету де, жылдар бойғы тәжірибеге негізделген дәлдікті қажет етеді. Бұл жағдайнан әзірше уятқа қала қойған жоқпыз. Әр мезгілдің өз қиындығы бар, ал қазіргі уақыт егінге өте қолайлы кезең.

Бірнеше мәрте ауылдан, ауданнан үздік күрішші деген мақтау қағаздарын алған, бір мәрте облыстан Ыбырай Жақаев атындағы төсбеллгі иеленген Шы-найы Өтепбергеновтың жыл сайынғы еңбегі жігерін жасытқан емес, биыл да күздік егіннің масағы сал-мақты, иіліп тұр. «Егінші – мәрт, жер – жомарт», меже 65 центнерден болатын. Сол межемен егін тауу күндері аяқталуға жақын. Төккен тер мен еткен еңбектің қайтарымы ойыннан шық-қаны қандай жақсы. Қамба толсын дейміз!

Әлімжан ҚИЯС,
Қазалы ауданы

1-бет

«АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ АЗАМАТ»

Алдыңғы буынның өнегелі ізін жалғап, Тәуелсіз еліміздің тарихында «Қазақстанның Еңбек Ері» атанған Роза Бағланова, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Асқар Жұмалділаев, Юрий Пя, Абзал Ералиев, Имамзада Шағырған сынды жерлестерімізді әрдайым мақтан етеміз.

Егемен еліміздің жарқын болашағы жолында Отанымызға адал еңбек ету, адал жолмен табыс табу, адал азамат болу – біздің кастерлі міндетіміз!

Баршаныңды мерекемен тағы да құттықтап, облысымыздың дамуына қосқан орасан зор үлестеріңіз үшін Сыр жұртшылығының, өзімнің атыманн шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін, – деді облыс әкімі.

Еңбек адамдарын ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған шарада әр номинация бойынша қаржылай сыйақы табысталды. Атап айтсақ, «Үздік еңбек әулеті», «Жұмыс істейтін жастардың үздік



Суреттері түсірген: Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

1-бет



жылына 90 миллион дана кірпіш

ЗАМАНАУИ ЗАУЫТТЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Біз өңірдегі ірі өндіріс орнының біріне айналған зауытқа арнайы барып, тыныс-тіршілігімен танысып қайттық. Зауыттың бас механик-маманы Ғалымжан Бекмұрзаев күтіп алды. Алдымен әкімшілік ғимаратты таныстырды. Бірінші қабатта қызметкерлерге арналған кеңселер, акт зал және асхана болса, екінші қабаты жатақхана. Қазір онда алыс елді мекеннен қатынайтын 20-дан астам жұмысшы орналасқан. Мұнда жуынатын, киім жуатын, жеке заттарын қоятын орындар қарастырылған. Негізгі сыйымдылығы жоғары. Жұмысшылар 3 мезгіл тамақпен қамтылған. Сондай-ақ қаладан қатынайтындарға арнайы көлік бөлінген.

Әкімшілік ғимараттан соң зауытқа қарай жол тарттық. Дөңгелек пішінді ерекше өндірістік нысан.

— Жалпы зауыттың аумағы 7 гектар болса, ол төрт бөліктен тұрады. Біріншісі, әкімшілік ғимарат, кірпіш зауыты және шикізатты дайындау орны мен қоспаны ұстау қоймасы. Жаңа әкімшілік ғимараттың жұмысын көрдіңіздер. Ал басты жұмыс осы жерде. Бұл зауыттың жүрегі десек те болады. Мұнда жартылай дайын болған кірпішті дөңгелек бойымен орналастырып аламыз да, ол жылжымалы пеш арқылы күйдіріледі. Пештің жұмысына байланысты зауыт шеңбер үлгісінде салынған. Шеңбердің диаметрі 560 метр болса, оның 160 метрін пеш құрайды. Міне, пештің үлкендігін осыдан-ақ аңғаруға болады. Ерекшелігі де осы. Сондай-ақ ол газбен жылытылады. Пеш күйдіріп болған кезде дайын өнімді робот жинап шығады. Орнына күйдірілмегенін қайта қойып кетеді. Мұндағы технологияның бәрі автоматтандырылған. Мүмкіндігі мол, дегенмен қол еңбегі де қажет. Техниканың бәрі де Қытайдан әкелінген, — деді бас механик.

Зауыттың іші мұнтаздай таза. Жұмыс тыңғылықты атқарылуда. Көз көрмеген техникалар. Жартылай дайын болған кірпіштер қаз-қатар жиналып тұр. Біз алып өндіріс орны болған соң шудан құлақ тұнар деп ойлаған едік. Елестетіп барған көрініс мүлде басқаша болды. Жұмыстың 80-90 пайызын техника атқарады екен.

— Пешке кірген кірпіш 1000 градууска жеткенде дайын болады. Оған 2-3 сағат кетеді. Қазір бір күнде 220 мың кірпіш шығарамыз. Сұранысқа сай жұмыс істейміз. Егер сұраныс артып жатса күндігіне 250 мың кірпіш өндіруге болады. Пештің жылдам жұмыс істеуіне мүмкіндік бар. Бірақ кірпіштің 2-3 сағатта күйдірілетіні сақталды. Саз «Қызылорда-Жезқазған» жолы бойында арнайы орыннан жеткізіледі. Оған 40 тонналық 15 ауыр жүк көлігі қарастырылған. Көмір Қарағанды сынды қалалардан тасымалданады. Саздың сапасы, көмірдің құрамы бақылауда. Ол үшін арнайы зертханамыз бар. Сонда тексеріліп, нормаға сай болса ғана кірпішке қолданылады, — деді ол.

Қазір зауыт екі ауысым бойынша жұмыс істейді. Бір ауысымда 30-40 адам бар. Олардың қатарында инженер, технолог, оператор және жүк көлігін жүргізушілер, қарапайым жұмысшылар еңбек етеді. Зауыттың ашылғанына аз уақыт болса да, тіршілік қызу. Жергілікті өнімге сұраныс артып келеді. Мәселен қазір ең көп тапсырыс Түркістан облысынан екен. Сондай-ақ өңірдегі құрылысқа пайдалануда. Жеке тұлғалар тарапынан да алушылар бар. Қала ішіне жеткізу және кірпішті бекітілген нормадан көп алса бағасына жеңілдіктер де қарастырылған.

— Қазір шығарып жатқанымыз текістері бар кірпіш. Бастапқы кезде бүтін етіп шығардық. Кейін тапсырыс берушілер тесігі бар кірпішке ұсыныс берді. Өйткені оның құрылысқа пайдалысы көп. Салмағы жеңіл әрі мықты болады. Өзірге 1-бет.



осы екі түрі. Бастысы тұтынушының таламына сай етіп шығарамыз. Бір кірпіште 19 тесік болады. Көлемі стандарт, үлкен. Ені — 11,5, ұзындығы — 25 сантиметр. Белгілі силикаттың көлемі ғой. Бастысы сапа жақсы, құрылыстың барлық түріне қолдана береді. Мұнда дайын кірпіш, жартылай дайын өнім де бар. Жартылай дайын өнім дегеніміз күйдіруге жіберілмегенін айтамы. Егер жартылай дайын өнімде қайда да бір кемшілік болса, қайта өңделеді. Ал дайын кірпіш өңдеуге келмейді. Мәселен, жартылай өнім пешке кіріп алдын 200-300 градууста кептіріліп алынады. Содан кейін барып, күйдіріледі. Өйткені ылғал кезінде пешке салуға болмайды,— деді бас механик таныстыра жүріп.

Кірпіштің көлемін, қалай күйдірілетінін бәрін білгеннен кейін келесі нысанға бардық. Онда дайын қоспаның құрамын, дайындалу жолын, кірпіш шығаратын техниканың жұмысын көрдік. Бұл жерде де жұмыс қызу. Байқағанымыз, мұнда істің бәрін де техника атқарады. Адамдар оны басқару, бақылау арқылы жүзеге асырады. Қол еңбегі жинауға, дұрыс шықпай

қалған өнімді анықтауға жұмсалады.

— Сыртта сазды дайындайтын цех бар, — деді Ғалымжан Бекмұрзаев ендігі кезекте. — Онда саз, көмірді арнайы техникамен үгітіп, майдалап сумен араластырады. Қоспа ек-үш күн тұру керек. Себебі құрамы толық жібіп, ісінеді. Келесі бөлік ортаңғы деп аталады. Бұл зауыттың негізгі тірегі. Мұнда бөккен саз жиналады да арнайы ленталар арқылы жылжи отырып бірнеше этаптан өтеді. Құрамында түйір саз болса, қайта ұсақталады. Одан әрі қоспа ленталар арқылы жылжи отырып, кірпіш шығаратын автоматты машинаға жіберіледі. Құрылыс сазды сығып, кірпіш шығарады.

Автоматты құрылғыдан шыққан кірпіш жартылай өнім. Себебі бойында ылғал болады. Ол арнайы жылжымалы жүйе арқылы роботтарға жіберіледі. Осы техниканы бақылайтын оператор Нұрлан Ермаханов зауыт ашылғалы жұмыс істеп келеді.

— Аз уақыттың ішінде техниканың тілін меңгеріп алдық. Кірпіштің дұрыс шығуын, кесілуін қадағалаймын. Жұмыс озіме ұнайды. Қызметкерлердің жағ-

дайы, қауіпсіздік шаралар бәрі де қатан бақылауда, — деді ол.

Кірпішті қалай шығаратынын көрдік. Енді жиналу тәсілін білуге тырыстық. Жоғарыда оны роботтар жинайтынын айттық. Соны көру үшін тиісті орынға келдік. Робот лента арқылы келген кірпішті жинап тұрады. Бір алғанда 72 кірпішті ұстайды екен.

—Кірпіш жинау тәсілі бар. Бірқалыпты болмаса ауып кетуі мүмкін. Ол кезде кірпіш жарамай қалады. Сондай-ақ арасы ашық болу керек. Себебі пешке кіргенде дұрыс кептіріліп, күйдірілуі маңызды. Кірпішті 3 робот жинайды. Төртіншісі кірпіштің астына төселетін шеге құмды тегістейді. Себебі жер тегіс болмаса, құм төселмесе формасына әсер етеді. Осы жерге жиналғаннан кейін пешке кіреді, дайын өнімге айналады. Күйдірілген кірпіштер одан әрі қапталып, техникалар арқылы жиналады. Бір қаптама 517 кірпіштен тұрады, — дейді бас механик.

Зауытқа жұмысшылар іздеген кезде арнайы қатан талап болмаған. Мұнай-газ, ірі және шағын өндірісте тәжірибесі бар мамандарды қабылдаған. Ғалымжан Бекмұрзаев та мұнай саласында инженер-механик болып, 22 жыл еңбек еткен. Кейін зауыттың ашылғанын естіп, келіпті. Оның еңбек өтіліне қарап, бірден шақырған. Қазір ол ісін жетік меңгерген.

— Жұмысқа қабылданған азаматтардың біршамасы істей алмай шығып кетті. Енді бірі тесі үйреніп алды. Жалпы, маманда ынта, қызығушылық әрі жауапкершілік болса кез келген іске ептілік танытады ғой. Көргендеріңіздей техника 100 пайыз Қытайдан келген. Тілін меңгеру үшін арнайы мамандар бізге үйретті. Біз білгенімізді жұмысшыларға көрсетіп келеміз. Жұмыс автоматтандырылған дегенімізбен, адамның көмегі арқылы басқарылады. Ал маман оны игеруде қателеспеу керек. Бірінші жұмыстың сапасы, екінші қауіпсіздікті басты орында. Сондай-ақ техникаларды екі-үш айда міндетті түрде тексеріп, кеметтігі болса жөндейміз, — дейді ол.

Кірпішті шағын машиналар әп-сәтте жинап үлгеруде. Бір қарағанда оңай дүние секілді. Бірақ оның артында қаншама еңбек, маңдай тер жатыр. Оған осы процеспен танысу барысында көз жеткіздік. Одан кейін зертханаға барып, кірпіш құрамы қалай зерттелетініне куә болдық. Ондағы маман Ақмарал Омарова кірпіштің сапасы жақсы болуы үшін оған қосылатын көмір мен саздың құрамы тексерілетінін айтты. Сапасы белгілі болған соң цехтағы операторларға жібереді.

Мұнан әрі сырттан келетін саз, көмірді қабылдап, өңдейтін цехтың жұмысын көрдік. Цехқа жеткізілген шикізаттың құрамы зерттелгеннен кейін оларды ұсақтайды. Қоспа бабына келген кезде кірпіш шығаратын цехқа жөнелтіледі.

Бастысы сапалы өнім өндіруді көздейтін зауыттың бөсекке қабылетті қызметін бағамдап қайттық. Қаланың қай аумағында болсын құрылыс қарқынды. Ал оған қажетті өнім өзімізден шығып жатқаны әрине қуантады.

Елімізде ірі өндіріс жобалардың іске асырылуында мемлекет тарапынан қолдау бар. Оған Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының «Жергілікті өнім өндірушілердің құрылыс материалдарының әлеуетін бағынша пайдалану маңызды. Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қолдайды» деген сөзі дәлел.

Қысқасы іске қосылған автоматтандырылған кірпіш зауыты — өңірдің дамуына жаңа серпін беретін жоба. Ол жергілікті халықты жұмыспен қамтып қана қоймай, экологиялық таза өнім өндіру арқылы құрылыс саласына зор үлес қоспақ. Сондай-ақ зауытта алдағы уақытта қуаттылығын арттырып, өнім түрлерін көбейту көзделіп отыр.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Менің атам Шайхы Бейсембаев 1912 жылы Сырдария ауданы Қоғалыкөл ауылдық кеңесінде туған. Анасынан жастай жетім қалған ол Қызылорда астана болған кезде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлымен кездесіпті. Бұл кездесу оның өміріне үлкен өзгеріс әкелген. Ұлы Отан соғысының 50 жылдығы қарсаңында «Сыр бойы» газетінде жарияланған мақалада атам бұл кездесуді былайша суреттейді:



ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ

— 13 жасар кезім. Анасыз өстім. Жасымнан ширақ болдым. Оқу жайлы сөз айтылса елеңдеп жүремін, бар арманым оқу, білім алу болды. Әкеме салмақ салмай, жаңа өмірдің ағымына ілесуді жөн көрдім. Сөйтіп жүргенде қиялым шындыққа айналды. Ауылдағы өзімнен 4-5 жас үлкен балалармен араласып, оқу туралы солардан біліп жүрдім. Жаңымда өзім секілді арман қуған ауылдастарым бар, 1925 жылы Қызылордаға Ахмет Байтұрсынұлын ізлеп келдік. Ол кісі бізді жылы қарсы алып, жеке-жеке сөйлесті. Бидай өңді, қою қара қасты, бойшаң, ажарлы, мейірімді адам екен.

Бізді кабинетіне шақырып алып, өзіміз туралы сұрап білді. Ол кезде Қазақ Халық ағарту институтында оқытушы болып қызмет атқарып жүр екен. Менімен жеке сөйлесіп, жетімдіктің азабын, тағдыр тауқыметін көргенімді, оқуға деген құлшынысымды тыңдап алды. Мандайымнан сипап, қалтасынан 10 сом ақша шығарып ұсынды да, Ташкенттегі балалар үйіне жіберуге тапсырма берді. Осылайша бағым ашылып, оқу-білім жолына түстім, — дейді атам өз естелігінде.

Балалар үйінен кейін ол Ташкенттегі политехникалық техникумға, 1934 жылы Теміржол транспорты инженерлері институтына түсіп, 1939 жылы үздік бағамен бітіріп шығады. Еңбек жолын Түркістан теміржолына қарасты Қызылорда бөлімшесінің 5-ПЧ бастығының орынбасары лауазымына дейін өсті.

Атам — ұлттың қамын ойлаған ұлы ағартушы, қазақ тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлының бағасымен, бағыт-бағдар көрсетуімен білім алып, еліне адал қызмет еткен қайраткер. Мен осындай тағдыры адамның ұрпағы болғанымды мақтан етемін.

Ер басына күн туып, етігімен қан кешкен, ат басына күн туып, ауыздығымен су ішкен қиын-қыстау кезеңде 1941 жылы 12 шілде күні атам

өз қатарластарымен майданға аттанған. Алдымен 4 ай оқып, лейтенант шенімен Ленинград майданына жіберіледі. Қала 1941 жылдың қыркүйек айынан 1943 жылдың 18 қаңтарына дейін жау қоршауында болғаны мәлім.

Атам өзі айтқандай, Ленинград қоршауынан шыққан соң да алдыңғы шепте жаумен шайқасып, талай қантөгісті бастан өткерді. Соғыс кезінде 4 рет ауыр жараланыпты. Госпитальдан кейін қайта сапқа оралып отырады. Майлангер Жеңісті Варшавада қарсы алған. Онан соң 1945 жылдың тамызында Хайлар, Ананси, Цицкар секілді бірнеше қаланы азат етуге қатысқан. Елге оралған соң бейбіт еңбектің алдыңғы сапында жүріп, абыроймен зейнетке шықты.

Теміржол саласында білікті маман атанып, саланың оркеструіне үлкен үлес қосты. Істеген әрбір ісі балаларына өнеге болды. Кезінде баспасөз бетінде атам туралы бірнеше рет мақала жарияланды. Марапаттары да жетерлік.

Шайхы Бейсембаев майданда көрсеткен ерлігі үшін екі мәрте «Қызыл жұлдыз», І және ІІ дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, «Ленинградты қорғағаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін», т.б. медальдармен марапатталған. Бейбіт заманда «Құрметті теміржолшы» белгісінің иегері атанды, еңбек ардагері болды.

Атам әрдайым отбасы мен ұрпағын бәрінмен биік қойған жан еді. Әкем Рухан екеуі тату-тәтті ғұмыр кешіп, өнегелі ұрпақ тәрбиелеп өсірді. 1997 жылы 85 жасында дүниеден озды. Ұш ұл мен төрт қыздан тараған 8 немере, 17 шөбересі бар. Бүгінде олар әр салада қызмет етіп жүр.

Шайхы атамның бейнесі менің жүрегімде еңбекорлықтың, адалдықтың, отансүйгіштіктің символы болып сақталып қалды.

Қанат БЕЙСЕНБАЕВ

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2024 жылдың 6 қарашасында қайтыс болған азаматша Қлышбаева Алия Қаржаубековнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербиев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Жарамсыз деп есептелсін

Нуржауова Гульнар Абилябековнаның атына Қызылорда облысы Полиция департаментінен берілген зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 18 қыркүйектегі №181 қаулысы

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 24 тамыздағы №561 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 24 тамыздағы №561 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы Ережесінде: 15-тармақтың 20), 44), 49) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«20) халықтың сауда алаңымен қамтамасыз етілуінің ең төмен нормативтерін бекітеді»;

«44) сұйылтылған мұнай газын тұтыну нормаларын бекітеді»;

«49) инвестициялық жобаларды іске асыруда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қазандағы № 868 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» қағидаларына сәйкес сүйемелдеу жұмыстарын атқарады»; мынадай мазмұндағы 82), 83), 84), 85), 86), 87), 88), 89), 90), 91), 92),

93) тармақшалармен толықтырылсын:

«82) өңірдегі ғылымды дамытудың басым бағыттарын айқындайды және өңірде іске асырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыруды ұйымдастырады;

83) ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында ұсыныстар әзірлеуге және мемлекеттік саясатты іске асыруға, өңірде қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіруге қатысады;

84) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы мемлекеттік саясатты тиісті аумақта жүргізуді қамтамасыз етеді;

85) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің гранттары мен инвестицияларын тарту бойынша жәрдем көрсетеді, оларды қоса қаржыландыруға қатысады;

86) өнім шығаруды және (немесе) жаңа технологияларды өндіруді жүзеге асыратын бірлескен өндірістер құру мақсатында жеке кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет

субъектілерімен өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

87) жеке кәсіпкерлік (оның ішінде шетелдік субъектілердің), квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерімен өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету үшін облыста ғылым жөніндегі кеңестерді құрады;

88) қызметі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға (практикада қолдану) болып табылатын заңды тұлғаларды, оның ішінде стартап-компанияларды құруға және (немесе) олардың жарғылық капиталына қатысады;

89) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларының іске асырылуына мониторингті жүзеге асырады;

90) уәкілетті органмен және салалық уәкілетті органдармен бірлесіп ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды әдістемелік қамтамасыз етуге қатысады;

91) ғылымды дамытудың басым бағыттары бойынша ұсыныстар енгізеді;

92) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдының мемлекеттік тапсырысы шеңберінде қолданбалы ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар әзірлеуді және олардың іске асырылуын жүзеге асыруды ұйымдастырады;

93) мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалған қолданбалы ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар бойынша есептерді бекітеді»;

9), 22), 23), 48) 62), 68) тармақшалары алынып тасталсын.

2. «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары А.Т.Зебешевке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысы әкімінің
міндетін атқарушы

Д. Жанаалинов

/// ӨНЕРДІҢ ӨЗ ӨКІЛІ



Эн қанатында самтаған

Сыр өңірі – талай өнерпаздың түлеп ұшқан қасиетті мекені. Бұл топырақтан қаншама жыры-жыраулар, күміс көмей өншілер шыққанын тарихтан білеміз. Солардың ізін жалғап, қоңыр даусымен елдің жүрегін жаулаған жас таланттардың бірі – Айдос Шадаев.

Айдос 1994 жылы Қызылорда қаласына қарасты Қызылжарма ауылында дүниеге келген. Бала кезінен өнге әуестенген ол өнердің биік шыңына шығуды армандап, Қазанғап атындағы Қызылорда жоғары музыкалық колледжіне вокал әндері мамандығына түседі. Бұл жерде ол классикалық бағытта білім алып, өнер жолының табалдырығын атады. Кейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына оқуға түсіп, қазақ өнерінің майталманы Хафиз Қадірұлының шәкірті атанды.

– Классикалық жанрда сегіз жыл бойы білім алдым. Бірақ уақыт талабына сай эстрадаға бет бұрдым. Өйткені бізде опера тыңдарманы аз. Еңбекпен дайындалған дүниені санаулы адам тыңдап, кейін архивте қалдырғанша, халық сұранысы жоғары жанрда өнерімді жалғастыруды жөн көрдім. Эстрадада да өз тыңдарманымды таптым деп сенемін, – дейді өнші.

Студент кезінде Айдос «Voice» квартетінің құрамында өнер көрсетіп, түрлі байқауларда бақ сынады. Әсем дауысымен елге танылып, республикалық сахналарда өнерін паш етті. Қазір ол туған өлкесіне оралып, облыстық филармонияның әншісі атанды.

Айдосның басты арманы – қазақ әнін шетел сахналарында шырқау.

– Қазақ әнін ел ішінде орындап қана қоймай, әлемге танытсам деген арманым бар, – дейді ол.

Жас әншінің жетістіктері де айтарлықтай. Ол республикалық жас орындаушылар конкурсының жүлдегері, «Сыр жұлдыздары» эстрадалық байқауының жеңімпазы. 2022 жылы «Адажио» тобының құрамында жүріп Роза Бағланова атындағы республикалық байқауда І орын, дәл сол жылы Рамазан Тайманов атындағы байқауда да І орын иеленді.

Сырдың қоңыр үнді әншісі Айдос Шадаев – ұлттық өнерге өзіндік өрнек қосып келе жатқан жас талант. Айдосдың әр әнінен Сырдың самалы, қазақ даласының кендігі сезіледі. Қоңыр үн – оның тәбиғи болмысы. Өнердің шынына шығу жолы оңай емес, бірақ Айдос сол соқпақта талмай еңбек етіп келеді. Өн қанатында самтаған жас өнерпаздың мақсаты – тек туған елін ғана емес, күллі әлемді қазақтың қазинасындай әуезді әнімен тамсандыру. Талабы таудай Сырдың топырағынан түлеген жас әншінің даусы әлі талай елдің төрінде әуелетініне сенім мол.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»



МӘУЛІТ – МӘҢГІЛІК САЛАУАТ

Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с) дүниеге келген айдың құрметіне орай Сыр өңірінің мешіттерінде түрлі форматта шаралар ұйымдастырылуда. Солардың бірі – «Мақтаулы Мұхаммед» атты облыстық рухани мәуліт кеші Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында өтті.

Пайғамбарымыздың сүннеті, мінсіз мінезі, өнегелі өмір жолы дәріптелген игі шараға ҚМДБ Ғұламалар кеңесінің және республикалық ақпараттық-насихаттық тобының мүшесі, «Балаби қари» Құран жаттау орталығының директоры Арман Қуанышбаев, бірнеше діни кітаптардың авторы, жас каламгер Абылай Кенжалы, Қызылорда облысының бас имамы Дастан Құрманбаев бастаған аудан және қала имамдары, мешіт жамағаттары мен аймақ тұрғындары қатысты.

Рухани шараға жиналғандар алдымен облыстық тарихи-өлкетану музейі арнайы дайындаған діни жәдігерлерден құралған көрмені тамашалады. Ерекше атап өтерілігі – музейдің сирек қорында сақталған жәдігерлер көпшілікке алғашқы рет ұсынылып отыр. Олардың арасында бір ғасырдан астам уақыт бұрын жазылған қолжазба Құрандан мен Сыр өңірінде өмір сүрген дін қайраткерлерінің тұтыған заттары да бар. Тақырыптық көрмені музейдің ғалым-хатшысы Асхат Сайлау та-

ныстырып, әрқайсысының тарихына жеке-жеке тоқталды.

Ізгілікке толы шара қасиетті Құран аяттарымен ашылып, одан әрі Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) туралы бейнеролик көрсетіліп, онда оның тағылымды өмір жолынан сыр шертілді.

Кеште арнайы сөз алған Қызылорда облыстық дін істері басқармасының бөлім бастығы Серік Мәжитұлы мен Сыр өңірінің бас имамы Дастан қажы Жанасұлы жиналғандарды Мәуліт айымен құттықтап, жұртшылықты Пайғамбарымыз (с.ғ.с) насихаттаған ізгілік жолына, адамгершілік пен еңбек-қорлыққа, сондай-ақ Құран Кәрімді құрметтеуге шақырды.

– Мәуліт айы – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өнегелі өмірін насихаттап, сүннет амалдарын дәріптеудің, дініміздің асыл құндылықтарын ұлықтаудың берекелі мүмкіндігі. Бұл айда мешіттерде Аллаға мадақ айтылып, Пайғамбарымызға (с.ғ.с) салауат жолданады, мәуліт жыры оқылады. Бұл мерекені тойлау

баршамаз үшін қайырлы әрі мол сауапқа жетелейтін ізгі амал, ұлы істердің бірі саналады. Оны атап өту – оған деген сүйіспеншіліктің, жақсы көрудің белгісі. Себебі ардақты Пайғамбарымызға (с.ғ.с) деген махаббат барлық нәрседен жоғары тұрады. Алла Тағала Құранда Пайғамбарға (с.ғ.с) салауат айтуды бұйырған. Ал Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Кім маған бір салауат айтса, оған Алла он салауат айтады, оның он күнәсін кешіреді әрі дәрежесін он есеге көтереді» деп сүйіншілеген. Осынау айтулы мереке Алла Елшісін (с.ғ.с) жақсырақ танып, өсиеттерін тереңірек түсінуге, адамдар арасындағы рақым-мейрімнің, имандылықтың, бауырмалдықтың арта түсуіне, Пайғамбардың (с.ғ.с) әміріне мойынсынып, тыйымынан тыйылуға түрткі болсын деп тілеймін! Мәуліттің өзі – мәңгілік салауат, – деді Дастан Жанасұлы.

Ардақты Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өмір жолы жайлы мәуліт шәріпті облыстық «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің наип-имамы Шыңғыс қари Сәдуақас шәкірттерімен бірге нақышына келтіріп оқыды. Мәуліт жырын жыршы-термеші, айтыскер акын, «Күміс домбыра» иегері Бексұлтан Орынбасаров Қарасакал Ерімбеттің

Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ

/// ФУТБОЛ

«ҚАЙРАТ» – «РЕАЛ МАДРИД»

Бүтін Алматыда футбол аламаны

Бүгін, 30 қыркүйекте «Қайрат» командасын тарихи ойын күтіп тұр. Алматылық клуб Чемпиондар лигасы негізгі кезеңіндегі екінші турда Испанияның «Реал Мадридін» қабылдайды. Қазақстандық жанкүйерлер асыға күткен бұл матч ел футболындағы ерекше оқиғаның бірі ретінде бағаланып отыр.

Әлемде корольдік клуб дегенде елең ететін жанкүйерлер саны аз емес. Олардың әлеуметтік желідегі парақшасына 400 млн адам жазылған екен. Демек сол азаматтар «Реал Мадридтегі» әрбір жаңалықты тұрақты түрде бақылап отырады деген сөз. Әрине, мадридтік команданың қаржылық әлеуеті жоғары. Құрамында қаншама жұлдыздар бар. Алған жұлдісін санап тауыса алмайсың. Атақ-абыройы аспандап тұр. Ендеше, мұндай беделді ұжыммен жасыл алаңда шеберлік байқасу әрбір команда үшін маңызды деуге толық негіз бар. Өз тарихында алғаш рет Чемпиондар лигасына жолдама алған «Қайрат» үшін бұл үлкен сынақ әрі тәжірибе арттыруға сеі.

2015 жылы дәл осындай жетістікке елордалық «Астана» да қол жеткізген еді. Ол уақытта елімізге Испанияның «Атлетико Мадрид», Португалияның «Бенфика» және Түркияның «Галатасарай» клубтары келді. Өз тобында төртінші орынға табан тіреген астаналық футболшылар қазақстандық жанкүйерлер үшін ерекше қуаныш сыйлағанын ұмыта қойған жоқпыз. Ендігі кезекте «Қайрат» та көпшілік алдында өрнекті ойын көрсететіні анық.

Бұл кездесуді стадионнан тамашалауға 1 млн адам қызығушылық білдірген екен. Тіпті олардың қатарында елімізге жақын орналасқан Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан секілді елдердің де азаматтары бар. Билет бағасы 30 мың теңгеден 250 мың теңгеге дейін жетті.



Корольдік клуб Алматыға негізгі құрамын алып келді. Қақпада Тибо Куртуа, Андрей Лунин, Хави Наварро сынды тәжірибелі футболшыларға сенім артса, қорғаныс шебінде Давид Алаба, Рауль Асенсio, Альваро Каррерас, Фран Гарсия, Дин Хейсен, Давид Хименес секілді тасқамал ойыншылар бар. Ал жартылай қорғаныста Джуд Беллингем, Эдуарду Камавинга, Федерико Вальверде, Орельен Чуамени, Арда Гюлер, Дани Себальос, шабуылда Винисиус Жуниор, Килиан Мбаппе, Эндрик, Родриго, Гонсало Гарсия, Брайм Диас, Франко Мاستантуньо сынды майталмандар бар. Олардың қайсысы негізгі құрамда жасыл алаңға шығатынын бас бапкер Хави Алонсо бастаған

бапкерлер құрамы шешеді. Қай-қайсысы да теңбіл допты ұршықша иіре білетін таланттар екенін білеміз. Бұдан бұрын Испания премьерасында «Атлетико Мадрид» клубына 2:5 есебімен ойсырай жеңілген корольдік клуб Чемпиондар лигасында ұпайдан шашау шығармауға тырысады.

«Реал Мадрид» Чемпиондар лигасының алғашқы турында өз алаңында Францияның «Марсель» командасын 2:1 есебімен жеңді. Алда әлі көптеген беделді клубпен шеберлік байқасады. Олардың қатарында «Ювентус» (Италия), «Ливерпуль» (Англия), «Манчестер Сити» (Англия), «Монако» (Франция), «Бенфика» (Португалия) және «Олимпиакос» (Гре-

кия) клубтары бар. Мамандар сол себепті олар бүгінгі кездесуде жеңіске жетуге бар күшін салатынын айтады.

Алғашқы турда сырт алаңда «Спортинг» (Португалия) командасына 1:4 есебімен жол берген алматылық клуб енді «Интер» (Италия), «Арсенал» (Англия), «Брюгге» (Бельгия), «Олимпиакос» (Грекия), «Падос» (Кипр), «Копенгаген» (Дания) клубтарымен ойнайды.

«Қайрат» сапында ойыншылардың жарақат аулуына байланысты аздаған қиындық бар. Негізгі қақпашылар Александр Заруцкий мен Темірлан Анарбеков осындай себептерге байланысты жасыл алаңға шыға алмай жүр. Сондықтан «Реал Мадридпен» кездесуде қақпа тағы да 18 жастағы Шерхан Құрмайзаға сеніп тапсырылуы мүмкін. Оған қоса жартылай қорғаныстағы Георги Зарна да толық қалпына келген жоқ. Қазақстандық жанкүйерлер 17 жастағы Дастан Сәтпаевтың қандай деңгейде ойын көрсете алады деген сауалға жауап іздейді.

Бұл кездесуде бас төреші міндеті италиялық Марко Гуаидаға жүктеліп отыр. Оған Джорджио Перетти мен Джузеппе Перротти көмектеседі. Төртінші төреші де сол елдің өкілі Симоне Соцца. Ойын 30 қыркүйек күні сағат 21:45-те Алматыдағы Орталық стадионда өтеді. «Qazaqstan» және «Qazsport» телеарнасынан тікелей эфирде көрсетіледі.

Негізгі кезеңде барлығы 36 команда сынға түседі. Бірінші тур быыл 16 қыркүйекте басталса, сегізінші тур 2026 жылдың 28 қаңтарында болады. Ал плей-офф 16-18 ақпан, 1/8 финал 10-11 наурыз, ширек финал 7-8 сәуір, жартылай финал 28-29 сәуір, финал 30 мамырға белгіленген.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

/// 1 ҚАЗАН – ҚАРТТАР КҮНІ

АМАН БОЛ, АБЫЗ АҒАЛАР!

ОПД ардагерлері мен барлық абзал ақсақал ағаларға

Антын адал ақтаған,
Арын таза сақтаған,
Сендерсің абыз ағалар.

Осынау байтақ ордалы,
Халықтың болған қорғаны,
Сендерсің нағыз ағалар.

Аяқтан суық ыза өткен,
Аязда елін күзеткен,
Сендерсің абыз ағалар.

Жүрген ыстық аптапта,
Жауын мен боран, батпақта,
Сендерсің нағыз ағалар.

Тынығып жөнді жатпаған,
Күн-түні тыным таппаған,
Сендерсің нағыз ағалар.

Көз ілмей талай түн қатып,
Көрмеген ешбір үн қатып,
Сендерсің нағыз ағалар.

Ажалдан қашпай шетке тек,
Ажалмен келген бетпе-бет,
Сендерсің абыз ағалар.

Санына жетпес санаса,
Әлсізге түскен араша...
Сендерсің нағыз ағалар.

Қысқың болса қорлаған,
Кісінің құқы қорғаған,
Сендерсің абыз ағалар.

Алатау биік асқар тым,
Ақылшысы жастардың,
Сендерсің абыз ағалар,
Сендерсің нағыз ағалар!

**Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,
ҚР ІІМ-ның Еңбек және
Құрметті ардагері**

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БОЙЫ МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.